

№42 негізгі орта мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру негізінде жылдық тәрбие жоспары жасалынып, бекітілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

3. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Кешенді жоспар ұлттық құндылықтарға негізделген: **ұлттық мүдде, талап, ар-ұят.**

2023-2024 оқу жылының тамыз айында сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі отырысында сынып жетекшілер «Біртұтас тәрбие бағдарламасымен» таныстырылды.

1 қыркүйек «Білім күні» мерекелік салтанатты жиын және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

5 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдер күніне орай жаппай сауаттылықты арттыру мақсатында мектеп мұғалімдері мен білім алушылар арасында жалпыоблыстық ашық диктант алынды.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы бойынша 08 қыркүйек күні салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту, көңіл күйді көтеру, сыныппен бірге ұйымшылдықты сезіну мақсатында **«Сергіту сәті» челленджі** өткізілді.

Қоянды жәрмеңкесінің 175 жылдық мерейтойы аясында дөңгелек үстел және «Қасиет тұнған қастерлі құндылықтар» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Еңбек күнін» атап өту іс-шаралар жоспарына сәйкес 5-7 сынып оқушылары «Еңбек-бәрін де жеңбек» тақырыбында шығарма жазып, суреттер салды.

1 қазан – Халықаралық Қарттар күніне және Ұстаздар күніне арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. «Қарттарым-асыл қазынам» және «Ұстаз-алтын дiңгек» тақырыбымен мерекелiк шара өткiзiлдi. Шара барысында мектеп ұстаздары атынан ауылымыздың қарттарына мерекелерiмен құттықтап, сый сияпат тапсырылды.

13 қазан күні мектеп жанындағы шағын орталық тәрбиеленушілері мен мектепалды даярлық сыныбы арасында «Қызыл, сары жапырақ» атты мерекелік концерттік шарасы өткізілді. 18 қазан күні 1-8 сынып оқушылары арасында күзгі жәрмеңке және «Мерекелі, берекелі алтын күз» атты мерекелік концерттік шара өткізілді.

5 қазан күні Ұстаздар күні мерекесіне орай «Дублер күні» өткізілді. Шараға белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 23 қазан күні білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында білім алушылар мен педагогтердің қатысуымен «**Әнұран орындау**» челленджі өткізілді.

25 қазан - Республика күніне орай мектепiшiлiк iс-шаралар жоспары құрылып, бекiтiлдi. «Менiң Қазақстаным» тақырыбында қабырға газеттерi конкурсы және суреттер байқауы ұйымдастырылды. 25 қазан - Республика күнін мерекелеуге арналған салтанатты жиын барысында оқушыларды «Жас ұлан» мен «Жас қыран» ұйымы қатарына қабылдау рәсімдері өткізілді.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 17 қараша күні білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында «**Асық ату**» челленджі өтті.

11 желтоқсан күні жоспар бойынша «Нашақорлықтың алдын алу, есірткіге қарсы күрес» тақырыбында Қарағайлы кентінің КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Т.М.Жұмағазы және медбике Г.Смаканованың қатысуымен ата-аналар жиналысы өтті.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 13 желтоқсан күні білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу мақсатында 5-7 сыныптар арасында «**Шығарма жазу: болашаққа хат**» челленджі өтті.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мектепiшiлiк жоспар құрылып, шаралар өткiзiлдi. Сынып сағаттарын өткiзiп, қабырға газеттерi конкурсы және оқушылар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Біртұтас тәрбие жоспарына сәйкес 5-7 сыныптар арасында 24 желтоқсан-Бауыржан Момышұлы күніне орай «Бауыржан Момышұлы-батыл тұлға» атты танымдық шара ұйымдастырылды.

25 желтоқсан күні «Рахмет саған, әліппе!» тақырыбында 1-сынып оқушыларының әліппемен қоштасу ертеңгілігі өтті.

Қысқы каникул қарсаңында сынып жетекшілері білім алушылармен қыс мезгілінде су және мұз айдындарында орын алатын төтенше жағдайлардың алдын алу, жанғыш заттарды қолданбау туралы қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында сынып сағаттарын өткізді.

27 желтоқсан күні мектеп жанындағы шағын орталықтың тәрбиеленкшілері және мектепалды даярлық сыныбы арасында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігі және 1-8 сынып оқушылары арасында «Жаңа жылға саяхат» атты жаңа жылға арналған концерттік бағдарлама өткізілді.

17 қаңтар – 17 ақпан аралығында «ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы аясында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: достар арасында сенімділікті нығайту. «Шығармашылық ынтымақтастық» Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» фильмі көрсетілді, «Спорттағы достық»: шаңғы тебуден жарыс, «Көтеріңкі көңіл -күй»: «Шын жүректен...» ақ тілектер тарату, «Көтеріңкі көңіл күй»: «Дос болайық бәріміз!» тренингі, «Спорттағы достық»: волейбол (ұлдар, қыздар арасында) т.б шаралар өтті. Өткізілген іс-шаралар Facebook әлеуметтік желісіне #dosbollike хэштегімен жүктеліп отырды.

«Тоғыз айға-тоғыз іс-шара» жобасы аясында 26 қаңтар күні ф-м.ғ.д профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Асқар Жұмаділдаевтің авторлық есептерін шығарудан «**Қазақ есебі**» челленджі өтті. Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.

1-14 ақпан аралығында Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарудың 35 жылдығына орай жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылды. Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығарудың 35 жылдығына арналған көрме, Ерлік сабақтары, спорттық жарыстар т.б шаралар өткізілді. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті нығайта отырып, патриоттық сезімдерін ояту және ерлігімен танылған қаһармандарымызды үлгі ету.

2024 жылдың 05-26 ақпан аралығында біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығы өткізілді. Айлықтың мақсаты: әкелер институтын дамыту, отбасылық құндылықтар және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында жаңа тәсілдерді насихаттау және қалыптастыру.

28 ақпан күні Қарқаралы ауданы ПБ ЖПҚБ УПИ инспекторы полиция капитаны- Тулеубаев Дастан Серікұлы Интернет-алаяқтық қылмыстарына қарсы іс-қимылға бағытталған алдын алу іс-шаралары бойынша 5-7 сынып оқушыларымен кездесуі өтті. Шара барысында оқушыларға интернет алаяқтық бойынша ақпарат берілді.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 28 ақпан күні білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту мақсатында «**Оқуға құштар мектеп**» челленджі өткізілді. Білім алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқып, басқа қатысушылармен ойларымен бөлісті.

1 наурыз Алғыс айту күніне орай жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды. Алғыс айту күніне орай кітап көрмесі, «Алғыс айту парызың...» тақырыбында сынып сағаттары, шығарма жазу байқауы, қарттарға, әжелерге, аталарға, аналарға, әкелерге арналған бастауыш сынып оқушыларының құттықтау ашық хаттарын дайындау т.б іс-шаралар өтті. Мақсаты: мейірімділік, достық, ризашылық, азаматтардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі сияқты адами құндылықтарды қоғамда ілгерілету арқылы қазақстандық бірегейлік пен халық бірлігін дамыту және нығайту.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай жоспар бойынша «Анамның мерекесі» атты кітап көрмесі, «Ана-өмір тірегі» тақырыбында сынып сағаттары, «Менің сүйікті анам» суреттер мен портреттер көрмесі, шығарма және эссе байқауы, «Бұрымды қыз-2024» байқауы т.б іс-шаралар өтті. Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, балалардың бойындағы жеке қабілеттер мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

Наурыз мерекесіне орай жоспар құрылып, 14-20 наурыз аралығында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп педагогтері мен оқушылары арасында ұлттық киім кию челленджі, мерекелік құттықтау бейнероликтері, «Таза аула» акциясы, «Бес саусақ-бір бауырсақ», «Наурыз көже-қонаққа ең жақсы ас» шеберлік сағаттары, «Әжелер сөзі-тәрбие көзі» атты әжелер сайысы, «Нұр Наурыз-халық тойы» атты мерекелік бағдарлама және халқының салт-дәстүрлерінің көрінісі, «Қош келдің, төрлет Әз-Наурыз» тақырыбында қолөнер көрмесі, суреттер сайысы, қазақтың ұлттық ойындары мен спорттық ойындардан жарыс т.б іс-шаралар өткізілді.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 12 сәуір күні білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында «**Шахмат ойнау**» челленджі ұйымдастырылды.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді. «Өркендей бер, Қазақстаным» тақырыбында сынып сағаттары, «Бір шаңырақ астында» тақырыбымен сурет көрмесі, «Бірлігі жарасқан Қазақстан» спорттық шаралар, «Достығы жарасқан туған елім» мерекелік концерттік бағдарлама, «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» кітап көрмесі, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» тақырыбымен сынып сағаттары өтті.

«Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы бойынша 12 мамыр күні білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында «**Жасыл мекен**» челленджі ұйымдастырылды.

Отбасы күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Менің отбасым, Отбасы және отбасылық құндылықтар» тақырыбымен сынып сағаттары, «Біз отбасымызбен кітап оқимыз» отбасылық іс-шарасы, «Менің отбасым» балалар суреттерінің көрмесі, «Отбасым-алтын діндегім» тақырыбында бейнеролик және фотоколлаж сайысы, 5-7 сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазу, спорттық ойындар өткізілді. Іс-шаралардың мақсаты: оқушы бойында отбасына деген құрметін қалыптастыру, ата-анасын сыйлауға тәрбиелеу.

Аналар күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Менің анам» балалар суреттерінің көрмесі, «Шуағымсың сен!» бейне-челлендж форматында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

24 мамыр күні 1-7 сыныптар арасында «Білімім-Отаныма!» тақырыбында жалпыреспубликалық бірыңғай сынып сағаттары және бастауыш сынып оқушыларының бастауыш сыныппен қоштасу салтанатты жиыны өткізілді.

Орындалған барлық тәрбиелік іс-шаралар мектептің Facebook әлеуметтік желісіне #Біртұтас_тәрбие хештегімен жарияланды.

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ әзірлеген «Ата-аналарды білім беру ұйымында педагогикалық қолдау» бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылып, жоспар негізінде іс-шаралар өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды. 1-4 сыныптар 8 сабақ, 5-9 сыныптар 8 сабақ. Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып жеке өткізілді.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:  Г.С.Канафина